



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Список использованных источников

1. Сөмбелә бәйрәме [Электронный ресурс], (<https://edu.tatar.ru/bugulma/dou32/page1033533.htm/page1453963.htm>)
2. Двенадцатилетний животный цикл в Китае и у древних тюрков [Электронный ресурс], (<http://www.synologia.ru/>)
3. Китайские праздники. Праздник середины осени [Электронный ресурс], (<http://www.kitailanguage.com>)

ОӘЖ 811.581'36:811.581'374

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ МӨЛШЕР СӨЗДЕРДІҢ (量词) ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бешімбаева Гузель

guziko_93@mail.ru

guzelbeshimbayeva@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Қытай филологиясы кафедрасы студенті

Ғылыми жетекші: Дүкен Мәсімханұлы

Тіл қай халық болмасын, сол халықтың дәстүрлі мәдениетінің алтын қазығы болып табылады. Яғни, тек қарым-қатынас құралы ғана емес, бір ұлттың болмысының айнасы. Дүниедегі мыңдаған тілдің өзіндік ерекшеліктері мен көнеден келе жатқан тарихы бар. Соның бірі-қытай тілі. Қытай тілінің тарихы тым тереңнен бастау алады. Мұндай ұзақ тарихы бар тілдің өзіндік ерекшеліктері де аз емес. Ал грамматикасы тіпті ерекше.

Грамматика дегеніміз – тілдегі сөзді біріктіру, сөйлем құрау ережелері. Ол лингвистикадағы маңызды категориялардың бірі. Қытай тілі грамматикасы өз ішінен үлкен екі топқа бөлінеді: сөз тіркестері мен сөйлемдерді қарастыратын саласы-синтаксис деп аталады да, сөздердің жасалуы мен түрленуін зерттейтін саласы-морфология деп аталады.

Оның синтаксис деп аталатын саласының қарастыратын негізгі мәселелері-сөз тіркестері мен сөйлем, олардың құрылымы мен түрлері және сөз тіркестері мен сөйлемдегі сөздердің байланысу амалдары мен формалары болып табылады. Ал сөз бен оның формаларын, сөз таптарын морфология саласы қарастырады. Сөз таптары дегеніміз – сөздердің грамматикалық түрлерге жіктелуі, сөздердің тілдік құрылымда бейнеленіп, жіктеліп шыққан түрлері. Грамматикадағы сөздерді таптарға ажыратудағы мақсат - сөздердің қолданылуын анық түсіндіру, сөйлем құрылымдарын саралау болып табылады. Сондықтан да олардың грамматикалық қызметі мен грамматикалық ерекшеліктері басшылыққа алынады. Қытай тілінде сөздерді ең әуелі грамматикалық қызметіне қарай негізгі сөздер және шылау сөздер деп екі үлкен топқа бөледі. Негізгі сөздер деп - өз алдына сөйлем мүшесі бола алатын, нақты лексикалық мағынасы бар сөздерді айтады. Бұған зат есім, етістік, сын есім, сан есім, мөлшер сөз, есімдік және үстеу, одағай және еліктеуіш сөз секілді тоғыз сөз табы жатқызылады. Ал шылау сөздер - өзінің аты айтып тұрғандай, өз алдына сөйлем мүшесі бола алмайды, өйткені оларда нақты лексикалық мағына болмайды. Сондықтан шылау сөздер сөйлемде тек белгілі грамматикалық мағынаны ғана білдіреді.

Шылау сөздерге сөз алды қосымшасы, жалғаулық, көмекші сөз секілді үш сөз табы жатқызылады. Жалпы қытай тілінде он екі сөз табы бар, бұлардың ішіндегі одағай мен еліктеуіш сөздер ерекше негізгі сөз болып табылады. [1]

Ал кейбір зерттеулерде сөздерді морфологияда атауыш сөздер, көмекші сөздер, одағай сөздер деп үшке бөледі. Яғни он сөз табы. Мұндағы ерекшелік мөлшер сөздің болуы. Бұларды толықтай жіктеп жазсақ төмендегідей болады.

1. Зат есім
2. Сын есім

3. Сан есім
4. Мөлшер сөз
5. Есімдік
6. Етістік
7. Үстеу
8. Еліктеу
9. Шылау
10. Одағай

Сөз таптарын жіктеуге сөздердің лексикалық мағыналарының, морфологиялық түрленуінің ұқсастықтары, сөйлемдегі қызметтерінің көбіне-көп бірізділігі негізге алынады. Тілдегі барлық сөздер, түп-түгел сөз таптары тілдің сөздік құрамына кіреді. Қай сөз табына жатқызылса да, ең бастысы, лексикалық мағына ескеріледі. Тілдегі бір сөз табына кіретін сөздердің лексикалық жақтарында жалпылық, ортақтық, деңгейлестік те болуы мүмкін. Ал морфологиялық, синтаксистік ортақ белгілер бір сөз табына кіретін сөздердің барлығынан бірдей табыла бермейді. Мысалы, одағай сөздер үшін ортақ морфологиялық белгіні анықтау қиын, шылау сөздер үшін де негізгісі – байланыстырушылық, үстеме мағына берушілік қасиеттер. [2] Ендеше, тілдегі сөз таптарын анықтауда лексикалық белгі негізгі, келесі бір сөз таптары үшін морфологиялық, синтаксистік белгілер қосымша болады. Кейбір сөз таптарынан үш белгіні де таба аламыз. Оған зат есімді, сын есімді, сан есімді жатқызамыз. Ал енді мөлшер сөздерді қарастырайық.

Адамның, заттардың және қимыл-әрекеттің есептеу бірлігін білдіретін сөздерді мөлшер сөз дейміз. Мысалы:

- 一本书看一遍
- 一个人去一次
- 一头牛走一趟
- 一支笔走一回

量词的种类 Мөлшер сөз түрлері

Қытай тілінде мөлшер сөздер заттық және қимылдық мөлшер сөз болып екіге бөлінеді

Заттық мөлшер сөз. Адам мен заттардың есептеу бірлігін білдіретін мөлшер сөздерді заттық мөлшер сөз дейміз.

Заттық мөлшер сөздер арнаулы мөлшер сөз және ауыспалы мөлшер сөз деп екіге бөлінеді.

Арнаулы заттық мөлшер сөз

Өлшем бірліктерін білдіретін мөлшер сөздер.

●长度单位: ұзындық өлшем бірліктері:

分, 寸, 尺, 丈, 里, 公分, 公尺, 公里, 米, 毫米, 毫升;

●容量单位: сыйымдылық өлшем бірліктері:

合, 升, 斗, 石, 公升;

●重量的单位: ауырлық өлшем бірліктері:

钱, 两, 斤, 克, 公斤, 吨, 市斤, 克拉;

●面积单位: аудан өлшем бірліктері:

分, 亩, 顷, 平方寸, 平方尺, 平方米, 公顷;

●体积的单位: көлем өлшем бірліктері:

立方寸, 立方尺, 立方米;

●时间的单位: уақыт өлшем бірліктері: 秒, 分, 刻, 点 (时);

●货币单位: ақша өлшем бірліктері: 分, 角, (毛), 元。

Жеке заттық мөлшер сөз

Жеке заттық бірлік мөлшер сөздерді жеке заттық мөлшер сөздер дейміз (заттардың көлеміне, тұлғасына, сипатына қарай қолданылады). Мысалы:

●条: 长条物, 可弯曲。Ұзын әрі бұраң заттарға қолданады.

一条路（河，蛇，裤子，绳子，板凳，路）

●张：平面或展开物。Тегіс әрі енді заттарға қолданады.

一张纸（床，画，嘴，弓，桌子）

●粒：小颗粒物。Кішкене түйіршік заттарға қолданады.

一粒米（种子，花生，麦子，黄豆）

●把：有把柄的器具。Сабы бар құрал-сайманға қолданады.

一把刀（椅子，斧头，铁锹）

●根：细长物。Жіңішке әрі ұзын заттарға қолданады.

头发，草，棍子，竹子，黄瓜。

●颗：颗粒物。Кішкене жұмыр заттарға қолданады.

珠子，心，星，子弹，珍珠。

●滴：液体滴落物。Сұйықтық тамшыларына қаратылады.

眼泪，水，汗，酒，油。

●本：装订成册物。Түптелген кітаптарға қолданады.

一本书（杂志，词典，日历）

●棵：植物。Өсімдікке қолданады.

树，草，花，白菜。

●座：大而固定物。Үлкен әрі тұрақты заттарға қолданады.

山，桥，楼房，塑像，水库。

●支：直硬细长的非生物。Қатты түзу жіңішке заттарға қолданады.

铅笔，蜡烛，香，枪。

▲Бұлардан басқа жеке заттық мөлшер сөздер болады. Мысалы:

一件事（衣服，东西，礼品）。一只羊（鸡，手，脚，眼睛）。

一头牛（毛驴，象，鞋）。一株珊瑚，一片云，一块玻璃，一面镜，一朵花，一位老师，一台电视，一艘船，一封信，一部电影，一束花儿，一匹马，一所学校，一斤铁，一副眼镜等等。

“个” иероглифінің қолдану көлемі кең, көптеген зат есімдермен бірігіп келеді. Көбіне әмбебап мөлшерсөз деп айтуға болады. Мысалы: 一个人，一个炒菜，一个工厂，一个相机，一个想法，一个习惯。[3]

Алайда“个” кез келген жерге қолдана беруге болмайды, ол қытай тілінің заңдылығына қайшы келеді және мөлшер сөздің рөлін төмендетеді. Мысалы:

少色彩：一个学生，一个老师，一个记者。

少形象：一个刀，一个想法，一个习惯。

集合物量词 Жинақтық заттық мөлшер сөздер

集体事物单位的量词简称为集体量词。

Заттардың топтық бірліктерін білдіретін мөлшер сөздерді жинақтық заттық мөлшер сөздер дейміз. Мысалы:

双：一双手（筷子，鞋，袜子）；

对：一对人（男女，马，服务员）；

批：一批人才（孩子，干部，老师）；

令：一令纸。（500 张纸）；

套：一套书（工具，房子，家具）；

群：一群牲口（马，骆驼，学生）；

堆：一堆土（石头，垃圾，麦子）；

班：一班人（学生，战士，人）；

帮：一帮人（土匪，流氓，坏蛋）；

伙：一伙歹徒一伙流氓。

点 мен 些 белгісіз мөлшер сөздер, бұлар белгісіз шаманы білдіреді. Бірақ олар жинақтап білдірген шамаларға ұқсамайды. 一点儿 өте аз шаманы білдірсе, 一些-нің білдірген шамасы 一点儿-дан көп болады. Мысалы:

一点儿东西一些东西
一点儿玉米一些玉米
一点儿缺点一些缺点
一点儿粮食一些粮食
一点儿清油一些清油

点儿和些的用法点儿 мен 些-нің қолданылуы

点儿 мен 些-нің алдына сан есім — ғана келеді. Мысалы: 一点儿, 一些。

点儿 мен 些-нің алдына сілтеу есімдіктері 这, 那, 这么, 那么-ларды қолдануға болады. 些-нің алдына 这么, 那么 қосылса, сандық шаманың көптігін, 点儿 алдына 这么, 那么 қосылса, сандық шаманың аздығын білдіреді. [4] Мысалы: ①这么些人, 那么些人 (表示数量多)

②这么点儿人, 那么点儿人 (表示数量少)

点儿和些还可以用在形容词和动词后, 表示稍微的意思。

点儿 мен 些 сын есім мен етістіктің соңына келіп, біраз, сәл-пәл деген мағынаны білдіреді. Мысалы: ①好些儿, 好点儿了 (表示稍微好了一些)

些 алдына 好 қолданып көптік мағына білдіруге болады. (些 соңындағы мөлшер сөз түсіп қалады) Мысалы:

好些 (个) 人, 好些 (间) 房子, 好些 (本) 书。

Күрделі мөлшер сөздер

Екі не одан көп мөлшер сөздерден құралып күрделі өлшемдерді білдіретін мөлшер сөздер. Бұл мөлшер сөздердің көбі ғылым, техника салаласында жаңа пайда болған атаулар. Олар білдірген шамалар екіден кем болмайды.

Жиі қолданылатын күрделі мөлшер сөздер мыналар:

Адам реті : Адам саны мен рет санының жиынтығы.

Мысалы: 参观这展览会的有两万多人次。

Ұшақ реті: Ұшақ саны мен ұшу рет саны. Егер бір ұшақ он рет ұшса, он ұшақ рет деп, бес ұшақ екі рет ұшса немесе он ұшақ он рет ұшса бәрі бір он ұшақ рет деп аталады. Мысалы: 这架飞机飞行了三十架次。

Тонна киллометр: Құрлықта тасыған тонна саны мен киллометр санынын есептейтін өлшем бірлік. егер үш тонна жүк жүз киллометр жерге немесе бір тонна жүк үш жүз киллометр жерге апарылса, онда үш жүз тонна киллометр деп аталады.

Мысалы: 这辆车跑了十万吨公里。

Тонна теңіз шақырымы: Теңізде тонна саны мен теңіз шақырым санын есептейтін өлшем бірлік. Есептеу әдісі тонна киллометрмен ұқсас. Мысалы: 这船轮运行了一百吨海里。

Секунд кубметр: Бір секундта судың арнада ағып өткен кубметр шамасын білдіреді. Егер бір секунд уақытта елу кубметр аққан болса, онда судың ағу шамасы елу секунд кубметр саналады.

Ауыспалы заттық мөлшер сөздер

Күнделікті тұрмыста адамдар құрал-сайман, ыдыс-аяқтардың аттарын немесе қимыл-әрекетке тәуелді кейбір мөлшер сөздерді қолдана отырып, адам немесе заттардың шамасын бейнелейді. Мұндай мөлшер сөздерді ауыспалы мөлшер сөздер дейміз.

1.借用名词。Зат есімнен ауысқан мөлшер сөздер.

碗: 一碗水 (饭, 茶, 酒)。锅: 一锅肉 (汤, 米, 菜)

杯: 一杯水 (酒, 油, 茶)。口: 一口酒 (饭, 药, 水)

桶：一桶水（油，泥土，醋）桌：一桌书（饭，菜）
壶：一壶茶（水，马奶子，蜂蜜）床：一床被（毛毯，褥子）
盒：一盒糖（火柴，烟，碟子）车：一车人（东西，货）
盆：一盆饭（花，瓜子，水）房：一房人（东西，货）
箱：一箱东西（金子，财富）袋：一袋麦子（面粉，土豆）

▲一桌子饭菜，一屋子烟，一身西装，一腿泥

▲摆了一桌子大饭菜。看了一假期的书。唱了一路的歌。出了一脸的汗。
流了一滴水。灌了一肚子的啤酒。

2. Етістіктен ауысқан мөлшер сөздер.

捧：一捧瓜子（花生，大豆，塘）卷：一卷纸（胶卷，布）

挑：一挑水（肥，粮食）包：一包袱（书，烟，盐）

捆：一捆麦子（柴，草）封：一封信（电报，）

撮：一撮土（盐）束：一束鲜花（草）

Қимылдық мөлшер сөздер

Қимыл әрекеттің есептеу бірлігін білдіретін мөлшер сөздерді қимылдық мөлшер сөз дейміз. Қимылдық мөлшер сөздер арнаулы қимылдық мөлшер сөз және ауыспалы қимылдық мөлшер сөз деп екіге бөлінеді.

专用动量词. Арнаулы қимылдық мөлшер сөз.

个体动量词. Жеке қимылдық мөлшер сөз.

个体动量词不多，常见的如下：Жеке қимылдық мөлшер сөздер көп емес, олардың жиі қолданыстағылары мыналар:

▲次：表示动作的次数，一般用于能反复出现的动作。

次：Қимыл-әрекеттің рет санын білдіреді. Қайталанатын қимыл-әрекеттерге қолданады.

Мысалы: ①这个电影他看了三次。

②他获得了两次金牌。

下：Қимыл әрекеттердің рет санын білдіреді. Қысқа мерзім ішінде болатын қимыл әрекетке қолданылады. Мысалы: ①他摇了几下旗子。

②老李怕了小刘一下。

回：Қимыл - әрекеттің рет санын білдіреді. Қайталанған қимыл-әрекетке қолданылады.

次-ға қарағанда ауыз екі тілдік бояуықанық болады. [5]

Мысалы: ①他家我去过三回。

②一回生，二回熟。

“回”还可以作名量词，用于事情。

“回”Заттық мөлшер сөз болып қолданып, істі білдіреді.

Мысалы: ①这是怎么一回事？

②你们说的是一回事，别拿了。

趟：一般指来回行走的次数。趟：Әдетте барып келу рет санын білдіреді.

Мысалы: ①我找了你好三趟都没找到。②我进了一趟城。

▲遍：一个（套）动作从开始到结束的整个过程为一遍。

遍：Бір қимылдың бастан аяққа дейінгі бүкіл барысын білдіреді. Мысалы: ①你把课文读两遍。

②这部电影我看了三遍。

▲个：也可以动作量词，前面的数词只能是“一”，“一”可以省去。

个：Қимылдық мөлшер сөзде болады. Алдындағы сан есім сөз —, оны қалдырып тастауға да болады. Мысалы: ①我打了（一）个电话。

②他洗了（一）个澡。

集合动量词 Жинақ қимылдық мөлшер сөз

集合动量词也不多，常见的有：Жинақ қимылдық мөлшер сөз көп емес . Олардың жиі кездесетіні мыналар:

▲顿：表示动作的次数，一般用于吃饭，劝说，打等动作。

顿：Қимылдың рет санын білдіреді. Әдетте тамақтану, жазғыру, насихат айту, ұру сияқты қимылдарға қолданылады. Мысалы:

①艾山一天吃五顿饭。②爸爸打了他一吨。

▲阵：表示一段时间，一般用于突然发生的持续时间比较短的情况。

阵：Қысқа, мезеттік уақытты білдіреді, аяқ астынан туылған іс-әрекетке қаратылады. Мысалы: ①刚才下了一场雨。

②台下爆发了一阵热烈的掌声。

▲场：动作行为完整地进行一次为一场，多用于文艺表演和体育活动。

场：Қимыл-әрекеттің толық бір рет жүргізілгендігін білдіреді. Көбінесе әдеби көркем өнер ойындарына және дене тәрбие қимылдарына қолданылады.

Мысалы: ①上午打了一场球。

②明天有两场电影。

▲番：表示动作行为的次数，多用于费时费力的行为。番前一般只能用数词，“一”口语中较少使用。

番：Қимыл әрекеттің рет санын білдіреді. Көп уақыт немесе тер төгілген қимылдарға қаратылады. Оның алдына сан есім“一”келеді. Ауызшада аз қолданылады. Мысалы: ①她调查了一番就走了。

②赛力克把事情的经过详细地说了一番。

借用动量词 Ауыспалы қимылдық мөлшер сөз

借用动量词一般借用名词充当动量词。Ауыспалы қимылдық мөлшер сөз зат есімдердің қимылдық мөлшер сөзі болып табылады.

表示动作行为所凭借的工具以及人体四肢器官的名词，可以借用为动量词。

Қимыл-әрекетті жүргізуге қолданылатын құрал-саймандар мен адам организмінің аттарын қимылдық шама ретінде қолдану. [6]

Мысалы: 斧头：砍了一斧头脚：踢了一脚

刀：切了一刀拳：打了一拳

枪：放了一枪眼：看了一眼

针：打了一针口：咬了一口

表示时间的名词可以借用为动量词。Мезгілді білдіретін зат есімдерді қимылдық шама ретінде қолдануға болады.[7]

Мысалы: 年：工作了十年天：劳动了两天

日：休息了三天周：学习了一周

下午：讨论了一下午小时：讲了一小时

星期：走了一星期月：等了一月

Қытай тілінде мөлшер сөздердің алар орны ерекше. Жалпы айтқанда, әр бір заттың өзіне тән мөлшер сөзі бар. Сол мөлшер сөздерді күнделікті тұрмыста жиі қолданады деуге болады. Әр бір ұстаған затыңмен, ішкен асыңның, киген киіміңді, яғни сол затқа қатысты мөлшер сөзбен қолданасың. Мөлшер сөз – қытай тіліндегі ең негізгі грамматикалық ерекшеліктердің бірі десек қателеспейміз. Қытай тілінде әдетте заттың сандық мөлшерін білдіру үшін сан есім мен зат есім бірден тіркесе алмайды, олардың арасында міндетті түрде мөлшер сөздер қосылып айтылады. Кез-келген затқа мөлшер сөзін қосып айту арқылы сол сөйлеген сөзіңіздің дұрыс-бұрыстығына көз жеткізе аламыз.

Қолданылған әдебиет

1. 林祥楣《现代汉语》语文出版社 1990 年

2. 卢福波《对外汉语教学实用语法》北京语言文化大学出版社 2002 年
3. 刘宝顺, 徐秀珍《现代汉语语法》新疆教育出版社 1987 年
4. 《汉哈对比语法》新疆教育出版社 1992 年
5. 徐绍建主编《大学语文导读》武汉大学出版社 2003 年
6. Т.Қалибекұлы. Қазіргі қытай тілінің грамматикасы. (Синтаксис). - Алматы, 2004. - 197 б.
7. Т. Қалибекұлы. Қытайша-қазақша-орысша грамматикалық терминдер сөздігі. - Алматы, 2009. - 196 б.
8. Аханов К.Грамматика теориясының негіздері. - Алматы, 1996-239 б.

ӘОЖ 811.581'37

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ АСТАРЛЫ ТІРКЕСТІҢ (歇后语) СТИЛЬДІК ӨНІ

Джумагазиева Майра Батыровна

Maya_92.92@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Қытай филологиясының 4 курс студенті

Қытай тілінде мақал-мәтелдермен, идеомалар секілді халықтық тіл байлығының бір түрі - 歇后语 (xié hou yu) сехоууй терминін сөзбе-сөз қазақ тіліне аударсақ «демалыс, үзіліс жасап барып сөйлеу» дегенді білдіреді. «Қытайша-орысша сөздікте» бұл сөзге (сехоууйге) «недомолвка,наме́к, недосказанное выра́жение» - деп аударма берген. Бұл аудармаларды қазақшаға аударғанда «бүкпе, толық айтпау», «ишара, ым», «аяқталмаған сөйлемше» болып келеді. Сехоууй терминін бұндай сөздермен қазақша тәржімаалау, атау беру, әрине сәтті аударма емес. Бүкпе, толық айтпауда ишара, ым секілді тілдік бірлік қатарына жатады. Тек олар ауыз-екі тілде сөйлеу процесінде пайда болып, дәл сол кездегі адам ойының тапсырмасын сөйлеу процесінде орындайды. Сехоууй мағыналық структуралық ерекшеліктеріне байланысты (негізгі бөлімде айтылған) және мақал-мәтел секілді халық тіркес қатарына кіретін тілдік бірлік екенін ескере отырып, оған «астарлы тіркес» деп қазақ тілінде атау беруге болады.

Астарлы тіркес өз стилистикасы жағынан тұрақты тіркес ретінде ауыз-екі тілдің бір құралы болып саналады. Астарлы тіркес халықтың мақал-мәтелі секілді пайда болып, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін, халықтың тіл байлығын байытатын тіркес. Астарлы тіркес халық даналығының бір түріне жататын тұрақты тіркестердің бір бөлігі. Қытай мемлекетінің тарихи дәуірін суреттеп, дәріптейтін 西游记 (Xī yóu jì) Батысқа саяхат, 红楼梦 (Hóng lóu mèng) Қызыл сарай түсі секілді классикалық шығармаларда астарлы тіркестер көптеп қолданылған:

М: 八戒道: 这正是俗语云: 大海里翻了豆腐船 – 汤里来, 水里去.

Ba jie dao: zhe zheng shi su yu yun: da hai li fan le dou fu chuan – tang li lai, qu.

(«西游记» Батысқа саяхат)

М: 采霞咬着牙, 向他头上了一指头道: 没良心的!

狗咬洞宾不识好歹.

Cai xia jiao zhe ya, xiang ta tou shang le yi zhi tou dao: mei liang xin de!

Gou yao ding bin bu shi hao dai.

(«红楼梦» Қызыл сарай түсі)

Бірақ осы астарлы тіркесті қолданар алдында «Халық даналығы былай деген», «Дұрыс айтылған» секілді тіркестер келтіріледі. Әрине көпшілік бұл астарлы тіркестің бастау алатын негізі сол халық даналығы болып, осы халық даналығының бір түріне жатады дегенді мойындау шек келтірмейді. Бұған дәлел қытайдың классикалық көркем шығармаларда (жоғарыда келтіріліп кеткен мысалдар) астарлы тіркестің қолданылуы. Осыған байланысты астарлы тіркестің бастау алатын көздері өте ертеде жатқаннан білуге болады. Қандай да бір